

комплексно должны решаться проблемы семьи как социального и правового института, специфической подготовкой кадров юридической, педагогической, психологической и медицинской направленности. В рамках данного судопроизводства должна и может развиваться семейная медиация.

Список литературы:

1. <https://vlast.kz/obsshestvo/13464-kak-rabotaut-uvenalnye-sudy-v-kazahstane.html>
2. <http://lib.sale/yuvenalnaya-yustitsiya-pravo/semeynyiy-sud-31946.html>
3. <http://www.partner-inform.de/partner/detail/2015/11/276/7710/semeynyj-sud-v-sisteme-pravosudija-germanii>

Ильясова Г.А.

*з.э.к., азаматтық және еңбек құқығы
кафедрасының профессоры*

Аязбай А.Б.

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің
заң факультетінің 2 курс магистранты*

Алименттік төлемдерді өндіру бойынша сот актілерін орындау мәселелері

Сот актілері заңды күшіне енген соң бірінші сатыдағы сот шешімі заңды күшіне енген немесе іс жоғары тұрған соттан қайтарылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде атқару парағын жазады және келесі жұмыс күнінен кешіктірмей атқару құжатын аумағы бойынша тиісті әділет органына орындауға жібереді (ҚР Азаматтық процестік кодексінің 241-бабы). Сондай-ақ егер белгіленген мерзімде сотқа борышкерден қарсылық келіп түспесе, судья соттың мөрімен куәландырылған сот бұйрығын оны борышкердің тұрғылықты жеріндегі тиісті әділет органына орындауға ұсынуы үшін өндіріп алушыға береді (ҚР Азаматтық процестік кодексінің 143-бабы).

Алименттік міндеттемелерді мәжбүрлі орындау тәртібі Қазақстан Республикасы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәрітебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV Заңымен, «Кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент ұсталатын жалақының және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № 372 бұйрығымен реттеледі.

Алименттік төлемдер үлкен әлеуметтік мәнге ие, олардан баланың өмірлік мұқтаждықтарының қанағаттандырылуы тәуелді болады. «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәрітебесі туралы» заң бойынша алименттерді өтеу «істердің әлеуметтік маңызы бар санаты» болып табылады (1-баптың 9-1-бабы). Өйткені, материалдық көмекке мұқтаж жандар - олар балалар, аналар, еңбекке қабілетсіз ата-аналар мен жұбайлар. Сондықтан алименттер өндіріп алу туралы істер бойынша шешімдердің негізінде жазылған атқарушылық құжаттар «төлем жасауға берілген барлық уақытта күшін жоймайды» деп атап көрсетілген (11-баптың 3-бөлімі).

Қарастырылып отырған тақырыптың өзектілігі қазіргі уақытта қоғамда жоғары мәнге ие. Себебі, ресми деректерге сәйкес, Қазақстанда 350 мыңнан астам бала алименттік көмекке мұқтаж. Үш жыл ішінде 13 мыңға тарта борышкерлер елден шығу, автокөлікті басқару құқықтарынан айырылған. Алиментті төлеуден қасақан жалтарушылар тізіміне 25 мыңдай адам іліккен [1].

Қазақстанда соңғы бес жыл ішінде ата-ананың материалдық көмегіне мұқтаж балалардың құқықтарын қорғау бойынша жалпы мемлекеттік саясат жүргізілуде. Сот актілерін орындау бойынша департаменттер әр облыста алименттерді өндіру тиімділігін арттыруға бағытталған түрлі шаралар өткізуде: акциялар борышкер-қарызгерлерді сендіруге, қарыздарын төлеуге ар-ұят сезімдерін оятуға бағытталады; ҚР Бас прокуратурасы «Оларды іздестіруде» атты ғаламтор-сервисін құрды, онда өз балаларын асырау үшін төлемдерді төлеуден жалтарушы азаматтардың аты-жөндері жазылған; Сот актілерін орындау бойынша комитет Борышкерлерді біртұтас реестрін құрды, онда Әділет Министрлігінің ресми ғаламтор-сайтында борышкерлер туралы мәліметтер орналастырылған.

ҚР «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңының 34-бабына сәйкес алименттер өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша берешек жиналып қалған жағдайда борышкерге лицензиялар, рұқсаттар және арнайы құқықтар беруге уақытша тыйым салу туралы, сондай-ақ борышкерге бұрын берілген лицензиялардың, рұқсаттар мен арнайы құқықтардың қолданылуын тоқтата тұру туралы сотқа ұсыныс жібереді. Мәселен, борышкердің жүргізуші куәлігінің күші тоқтатылады.

Заңның 33-бабы бойынша мерзімдік төлемдерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттарды үш айдан астам орындамаған кезде сот орындаушысы көрсетілген адамдардың Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға құқылы.

Жоғарыда аталған ұйымдастырушылық шаралардың өткізілуіне қарамастан, сот орындаушылары жұмыстарының жетілдірілуі және жеке орындау институтын енгізу алименттердің өндірілмеуі мәселесін жоймай отыр, үнемі назар аударуды қажет етеді.

ҚР Бас прокуратурасы алиментті төлемеушілерді үш санатқа бөледі:

Біріншісі – бұлар алиментті төлегісі келетіндер, бірақ мүмкіндіктері жоқ немесе адал ниетті борышкерлер деп атауға болады. олар объективті себептерге байланысты төлемейді: жұмыссыз, жұмыс таба алмағандар.

Екінші санаттағы төлемеушілер алиментті төлеуге қабілетті, бірақ төлегісі келмейтіндер. Олар табыстарын азайтып көрсетеді, жалған құжаттар жасаумен айналысатындар.

Үшінші санаттағы алиментті төлеуден жалтарушылар төлегісі келмейтін және төлей алмайтындар. «Үмітсіз борышкерлер. Олар, әдеттегідей, аморальды өмір сүретіндер: наркомандар, маскүнемдер, баспанасыздар» [2].

Алименттерді өндіру туралы сот актілерінің орындалмауының басты мәселесі борышкердің мүлкінің жоқ болуы, соның ішінде өндіріп алуға болатын ақшасы, бағалы қағаздары немесе табыстарының болмауы себепті сот орындаушысы оның мүлкін немесе табыстарын анықтау жөнінде қолданған, заңда көзделген барлық шаралар нәтиже

бермейтін жағдайлар. Борышкерлер өз мүліктерін басқа адамдардың атына тіркеп қояды, сөйтіп сот орындаушылары өндіріп алатын еш нәрсе болмай шығады. Бұндай жағдайда ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодексінің 169-бабының 3-бөліміне сәйкес, егер алимент төлеуге міндетті адам алимент өндіріп алынбаған кезеңде жұмыс істемеген болса немесе оның табысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар тапсырылмаса, алимент бойынша берешек сол берешекті өндіріп алу кезіндегі Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

Борышкердің жалтаруы нәтижесінде алименттер бойынша қарыздар жиналып қалса ҚР Азаматтық кодексінің 353-бабы бойынша қарыз сомасына тұрақсыздық айыпақы төленуге тиіс.

ҚР Әділет министрлігінен алынған ақпараттар бойынша 2016 жылы Қазақстанда алименттерді өндіру туралы 213 мың сот шешімдері сот орындаушыларының орындауында болған. Жуықтап алғанда 50 мың атқарушылық құжат бойынша алименттер борышкерлермен дербес өтелген, 40 мыңдай атқарушылық құжат немес 20 пайызы кезеңмен өтеледі, олар бойынша қарыздар үш айдан астам уақытта төленген, ал 14 мыңнан астам құжаттар бойынша қарыздар мүлдем өтелмей қалған [3].

Алименттерді төлемеушілерге әсер ету бойынша тиімді тетігі алимент бойынша борышкерлердің жауапкершілігін қатайту болып табылады. алименттерді өндіру тетіктерін жетілдіру мақсатында ҚР «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2014 жылғы 15 қаңтардағы Заңы қабылданған болатын. Заңға сәйкес Қылмыстық кодекстің (күшін жойған) 136-бабында балаларын немесе еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға қаражат төлеу жөніндегі міндеттерді орындамаған әрекеттің «қасақана жалтару» атты субъективтік ұғымы алынып тасталды, сол сияқты санкция өзгертілді – екі жыл мерзімге дейін бас бостандығынан айыру енгізілді.

Сонымен бірге Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (күші жойылған) 524-бабының санкциясы қатайтылды, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық

құжатты орындамағаны үшін әкімшілік айыппұл айлық есептік көрсеткіштің оннан жиырмаға дейінгі мөлшерінде, не бес тәуліктен он тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу қарастырылды.

Қолданыстағы 2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған ҚР Қылмыстық кодексінің 139-бабында қарастырылған ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын, сол сияқты он сегіз жасқа толған еңбекке қабілетсіз балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы сот орындаушыларына төлеуден жалтарушыларды екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазалайтын қылмыстық жауапкершілікке тартқызуға мүмкіндік береді.

Бұл шара өте тиімді болып табылады, мәселен, 2015 жылы 61 алиментті төлеуден жалтарған борышкерлер сотталған. Қолданылған шаралардың арқасында мүлдем төленбеген алименттік төлемдер бойынша құжаттардың саны 76 % -ға, 15 мыңнан 3,5 мыңға дейін азайған [4].

Сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамағаны үшін Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу түрінде жауапкершілік қарастырылған (669-бап). Тек Алматы қаласында 2016 жылы 96 алименттік төлемді төлемеген борышкерлер әкімшілік жауапкершілікке тартылса, 20 адамнан астамы 5 тәулікке дейін әкімшілік қамақ түрінде жауапкершілікке тартылған [6].

Сонымен қатар осы саладағы өзекті мәселелердің бірі ата-аналық құқықтан айрылған борышкерлерден мемлекеттік мекемелерге орналастырылған балаларын асырау үшін алименттерді өндіру. Бұндай істер бойынша сот актілерінің орындалмауы келесі себептермен байланыстырылады: борышкерлер жұмыс істемейді, маскүнемдікке шалынған, балаларын асырайтын қаражаттары жоқ. Ай сайын мемлекеттен жәрдемақы төленетін жетім балалармен, мүгедек балалармен салыстырғанда бұндай балалар мемлекеттен ешқандай көмек ала алмайды. өмір сүру мұқтажының қанағаттандыруға қаражаты болмаған балалар тірі ата-аналары болса да қоғаусыз жағдайда

өмір сүруде. Бұндай жағдайдан шығудың бірден бір амалы ретінде балалар үйіне орналастырылған балалар үшін Республикалық алименттік қор құру болар еді. бұл қордан мемлекет балаларға жәрдемақы төленер еді, кейін ата-аналық құқықтарынан айрылған борышқорлардан кері талап қою жолымен қарыз сомасы мемлекеттің пайдасына өтеліп алынар еді. сөйтіп, кәмелеттік жасқа толған кезде балалар үйінің тәрбиеленушілерінде оқу орындарында білім алуы үшін, тұрғын үй алуы үшін қажетті бастапқы материалдық қор жиналатын еді [7].

Шетел тәжірибесін ескеретін Республикалық алименттік қор құру туралы мәселенің талқыланып жүргеніне біраз жылдар өтті, бұл ұсыныс Үкіметке берілген болатын. Бірақ, бытырғы жылы еліміздегі экономикалық дағдарысқа байланысты Үкімет алименттік қорды құрудан бас тартты [6].

Бұндай тығырықтан шығаудың келесі амалы прокурорлар алименттер бойынша қарыздары бар борышкерлерді жұмысқа орналастыру деп таниды. Мұндай шара Қарағанды қаласы Қазыбек би аудандық прокуратурасында тәжірибеде қолданылып жүр. Борышкерлерді жұмысқа орналастыру мақсатында қала ауданы прокуратурасы Қарағанды қаласы тұрғандарды еңбекпен қамту орталығымен бірігіп алименттерді өндіру бойынша атқарушылық істер бойынша борышкер болып табылатын азаматтарды жұмысқа орналастыру акциясын өткізді. Жұмыс іздеп 25 борышкер жолданып, оларға ақал ұйымдарына тұрақты жұмысқа орналасуға жолдамалар берілді [8].

Сондай ақ Астана қаласы прокуратурасы құрылыс компанияларына жұмысқа орналасуға 400 борышкерге жолдама берген [9].

Бүгінгі күні ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» 2001 жылғы 26 желтоқсандағы кодексінің 139-бабына сәйкес, кәмлекетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан ай сайын мынадай мөлшерде алименттер өндіріледі: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға - үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысы. Демек, егер ата-ананың ай сайынғы табысы төменгі мөлшерде болатын болса, онда ай сайын өндірілетін алименттің мөлшері тек қана 6-7 мың теңгені құрайды. Мұндай

сома баланың материалдық қажеттіліктерін толығымен қанағаттандырмайды, әсіресе еліміздегі қазіргі экономикалық жағдайында. Осыған орай алименттерді төлеу жүйесін келесідей өзгерту ұсынылады: алименттік төлемнің ең төменгі тұрақты мөлшерін белгілеу, сондай-ақ тауармен және қызмет көрсетумен (киім-кешек, демалыс жолдамасын алып беру және т.б.) төлеу тәсілдерін енгізу қажет [10].

Сонымен, жоғарыда қарастырылған ақпараттарды талдай келе, кәмілетке толмаған балаларға алименттік төлемдерді төлемеу мәселесін шешуге қатысты біздің ұсыныстарымыз келесідей:

- Алименттік төлемдерді өндіру шараларын кеңейту қажет. Қосымша ретінде борышкерге несие беруден бас тарту шарасын қолдану қажет деп санаймыз.

- Алименттік төлемдерді төлеуден жалтарғаны үшін жауапкершілікті қатайтумен қатар, қылмыстық жауапкершілік бойынша түзеу жұмыстарына тарту жазасын қолдану қажет. Сөйтіп, одан түскен табысты мемлекеттің пайдасына емес, алименттік төлемнің есебіне баланың пайдасына өндіру тиімді тәсіл болып табылады.

Жоғарыда аталған ұсыныстар сот актілерін орындаудан жалтарған ата-анадан алименттік төлемдерді өндіру мәселесін шешуге септігін тигізеді және балалардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді деген сенімдеміз.

Әдебиеттер тізімі:

1 Генпрокурор о должниках по алиментам: Земля под их ногами должна гореть // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/genprokuror-doljnikah-alimentam-zemlya-ih-nogami-doljna-303424/

2 Три категории неплательщиков алиментов озвучил Иоган Меркель // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/kategorii-neplatelshchikov-alimentov-ozvuchil-iogan-merkel-303406/

3 Берик Имашев рассказал об уголовной ответственности за неуплату алиментов по новому закону // <http://www.zakon.kz/4697418-berik-imashev-rasskazal-ob-ugolovnoj.html>

4 Имашев: Частные судебные исполнители смогли увеличить количество взыскиваемых алиментов // <http://www.zakon.kz/4797680-imashev-chastnye-sudebnye-ispolniteli.html>

- 5 В Алматы арестовывают алиментщиков // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/v-almaty-arestovyvayut-alimentschikov-304130/
- 6 Правительство отказало в создании алиментного фонда в Казахстане // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/pravitelstvo-otkazalo-sozdani-alimentnogo-fonda-kazahstane-305187/
- 7 Бимендин Н. Для реальной защиты // ИС «Параграф», 10.02.2016 г.
- 8 В Караганде прокуратурой района Казыбек би трудоустроено 25 жителей региона, имеющих задолженность по алиментам // http://ekaraganda.kz/?mod=news_read&id=60357
- 9 Должников по алиментам отправят на стройки Астаны // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/doljnikov-po-alimentam-otpravvat-na-stroyki-astanyi-302638/
- 10 Предложения по изменению системы выплаты алиментов обнародовал Минюст РК // https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/predlojeniya-izmeneniyu-sistemyi-vyiplaty-alimentov-304970/

Карибаева А.Е.

доцент кафедры гражданского и трудового права, PhD

Нуржан З.

магистрант юридического факультета

КарГУ Е.А. Букетова

Турбаева А.

магистрант юридического факультета

КарГУ Е.А. Букетова

Основы правового регулирования недобросовестной конкуренции

Вместе с развитием рыночной экономики возникла и необходимость в защите и поддержке ее базового элемента – конкуренции (состоятельности, соперничества участников рынка).

В ходе соперничества на рынках хозяйствующие субъекты стремятся к возможности оказывать влияние на своих конкурентов. Экономическая состоятельность среди предпринимателей может осуществляться как на добросовестных началах, так и методами, причиняющими вред хозяйствующим субъектам, потребителям и обществу в целом. Деятельность